Құдай ғұламарға үйге басқа жолмен қайтуларын ескертті. Ирод қатты ашуланды. Исаның көзін құртуды ойлаған зұлым патша Бетлехемдегі



ер балалардың бәрін өлтірді.

19

Алайда Ирод Құдайдың Ұлына ешқандай зиянын тигізе алмады. Түсінде Құдайдан аян алып, Жүсіп Мәриям мен Исаны алып, Мысыр еліне жөнелді.



20

# Исаның дүниеге келуі



Ирод өлгеннен кейін, Жүсіп, Мәриям мен Иса Мысырдан қайта оралды.



Олар Ғалилей теңізінің аймағындағы Назарет қаласында тұрды.

21

Исаның дүниеге келуі

Құдайдың Сөзінен, Киелі кітаптан әңгіме

табылады

Матай 1-2, Лұқа 1-2

"Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады."
Забур 119:130

Мәтінін жазған Edward Hughes
Суретін салған M. Maillot

Қазақ тіліне аударған Christian Lingua
Бейімдеген E. Frischbutter; Sarah S.

Отыз алтыншы әңгіме

**M1914.org**

**Bible for Children, PO Box 3, Winnipeg MB R3C 2G1 Canada**

Лицензия: сатуға тиым салынған, көшірме жасауға
немесе басып шығаруға рұқсат етілген.

Құдай біздің жаман істер істегенімізді біледі. Ол мұны күнә деп атайды. Күнәнің жазасы - өлім.

Құдай бізді сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын, Исаны айқыш ағашта өліп, біздің күнымызды өтеу үшін жіберді. Иса қайта тіріліп, көкке көтеріліп кетті. Енді Құдай біздің күнәларымызды кешіре алады.

Егер сен күнәларыңнан арылғың келсе, Құдайға былай де: Көктегі Құдай, Исаның мен үшін өліп, қайта тірілгеніне сенемін. Мен енді жаңа өмірге ие болып, кейін Сенімен мәңгі бірге болуым үшін менің өміріме келе гөр, менің күнәларымды кешіре гөр. Сенің балаң болып, Сен үшін өмір сүруіме көмектесе гөр. Аумин. Жохан 3:16

Киелі Кітапты күнделікті оқып, Құдаймен тілдес.

қазақ тілі Kazakh

Көп жылдар бұрын Құдай яһудейлік Мәриям деген жас әрі сүйкімді қызға Жәбірейіл періштені жібереді.



1

Ол Мәриямға: "Сен Ұл табасың, Оның атын Иса деп қоясың. Ол Құдай Тағаланың рухани Ұлы деп аталатын болады. Ол мәңгі бақи Патшалық құратын болады," - деді.



2


Мәриям таңқалып: "Бұл қалай болады? Мен еркекпен жақындасқан емеспін ғой!" - деп сұрады. Періште оған баланың Құдайдан даритынын айтады, яғни, Оның табиғи әкесі болмайды.
3
Содан соң періште Мәриямға жақын апайы Елізабеттің де қартайған шағында құрсақ көтергенін айтты. Бұл да керемет болатын. Осы оқиғадан кейін Мәриям Елізабетке келді. Олар бірге Құдайды мадақтады.
4
Мәриям Жүсіп есімді жігітке айттырылып қойылған еді. Мәриямнің аяғы ауыр екенін білгенде Жүсіп қатты қапаланды. Ол баланың әкесі басқа еркек екен деп ойлады.
5
Түсінде Құдайдың періштесі Жүсіпке бұл бала Құдайдың Ұлы екенін айтты. Жүсіп Мәриямға Исаны қарауға көмектесуі тиіс еді.
6
Жүсіп Құдайға сенім артып, Оған мойынсұнды. Ол, сондай -ақ, жергілікті заңға да бағынатын. Жаңадан шыққан заңға байланысты, салық төлеу үшін Мәриям екеуі өздерінің атамекені, Бетлехемге барды.
7
Мәриямның босанатын уақыты жеткен еді. Алайда Жүсіп қонатын бірде бір бөлме таба алмады. Қонақүйлердің бәрі бос емес болатын.
8
Ақыры, Жүсіп бір қораны тапты. Иса сол қорада туылды. Анасы оны құндақтап, малға шөп салатын ақырға жатқызды.
9
Сол өңірде малшылар қой бағып жүрді. Құдайдың періштелері оларға көрініп, керемет хабарды жариялады.
10
"Бүгін Дәуіттің қаласында сендердің Құтқарушыларың дүниеге келді, Ол - Иеміз Мәсіх!Сендер ақырда құндақтаулы жатқан Нәрестені көресіңдер."
11
Кенеттен көктегі періштелердің үлкен бір тобы көрініп, Құдайды былай деп дәріптеді: "Заңғар көкте Құдай мадақталсын! Жер жүзінде Өзі риза болған адамдарға тыныштық болсын!"
12
Малшылар қораға қарай асықты. Оны көрген соң, малшылар осы Сәби туралы періштелердің айтқанын кездескен адамдардың бәріне айтып берді.
13
Қырық күн өткеннен кейін, Жүсіп пен Мәриям Исаны Иерусалимдегі ғибадатханаға алып келді. Сол жерде Шимон есімді кісі осы Сәби үшін Құдайды мадақтады, ал Жаратқан Иенің тағы бір қызметшісі қарт Анна Құдайға ризашылығын білдірді.
14
Олар екеуі де Исаның Құдайдың Ұлы, уәде етілген Құтқарушы екенін білді. Жүсіп екі құсты құрбандыққа шалды. Бұл Құдайдың заңында жазылғандай, жағдайы төмен адамдар жаңадан туылған баланы Жаратқан Иеге әкелгенде ұсынылатын құрбандық болатын.
15
Біраз уақыт өткенде, шығыс өлкесінен жұлдыз санаушы ғұламалар ерекше бір жұлдызға еріп, Иерусалимге келді. "Яһудилердің жаңа туған Патшасы қайда екен? Біз Оған ізет білдіргіміз келеді," - деп сұрастырды.
16
Ирод патша ғұламалар туралы естіді. Қатты абыржыған патша Исаны тапқаннан кейін ғұламалардың оған хабар беруін тапсырды. "Мен де барып, Оған ізет білдірейін," - деді Ирод. Бірақ ол өтірік айтты. Ирод Исаны өлтіргісі келді.
17
Жұлдыз ғұламаларды дәл Мәриям, Жүсіп және жас Сәби тұрып жатқан үйге алып келді. Олар тізерлеп ізет білдіріп, Исаға алтын әрі жұпар иісті қымбат сыйларын тарту етті.
18